

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша мемлекеттік кірістер департаменттерінің және олардың аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының 2016 жылғы 7 қыркүйектегі № 522 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасының 2026 жылғы 6 сәуірдегі № 64 бұйрығы

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша мемлекеттік кірістер департаменттерінің және олардың аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының 2016 жылғы 7 қыркүйектегі № 522 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Бурабай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы туралы ережеде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Басқарманың орналасқан жері: пошталық индексі 021700, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Абылайхан көшесі, 28 үй.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Ақтөбе облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Хромтау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы туралы ережеде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Басқарманың орналасқан жері: пошталық индексі 031100, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Жамбыл көшесі, 50 үй.".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Заң басқармасы (Д.Қ. Ахметов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың көшірмелерін қазақ және орыс тілінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан

Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменттерінің (бұдан әрі – Департаменттер) басшылары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты іске асыру үшін қажетті шараларды қабылдасын;

2) осы бұйрықты Департаменттердің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Персоналды басқару және ішкі әкімшілендіру департаментінің Ұйымдастыру-бақылау басқармасы (Ш.А. Тобатаев) осы бұйрықты Департаменттің назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі Мемлекеттік  
кірістер комитетінің төрағасы*

*Ж. Дүйсембиев*